

МАҚСАТЫМЫЗ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ІТ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінде білім беру – бұл бірінші кезекте нәтижеге бағытталған толыққанды, сапалы және бәсекеге қабілетті білім. Кез келген дәуір, түрлі өзгерістер мен мүмкіндікке де, белгілі бір сын-қатерлерге де ие, осыған орай бүгінгі мектеп оқушылары бәріне дайын болуы тиіс.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқытуды, әр оқушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуды, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Ақпараттық мәдениет түсінігі... IT құзіреті, технологияларды дамыту... Иә, осыдан төрт жыл бұрын №8 орта мектеп үшін бұл ұғымдар тек көңіл көкжиегіндегі бір ұшқын секілді көрінетіндей болатын... Бұлай демекке де себеп бар... 60 жылдық тарихы бар қара шаңырақ №8 орта мектептің ғимараты апаттық жағдайда деп танылып, мектеп ұжымы мен оқушылар үш жыл қатарынан №16 ОМ және №56 МЛ бөлініп оқытылды. Осы тұста, өзге мектептің қабырғасында жүрміз деп қарап отырмай, оқу-тәрбие үрдісіндегі барлық іс-шаралар уақытылы өткізіліп тұратын. Соның бірі, 2019-2020 оқу жылындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің қолға алған әлеуметтік жобаларын біздің мектебімізде де қолдана бастағанымыз болатын. Атап айттар болсақ, «**Туған елге тағзым**», «**Оқуға 100 кітап**» жобаларын енгіздік және сонымен қатар мектебімізде «**Қолданбалы экология**», «**Адалдық алаңы**» атты әлеуметтік жобалар бойынша да жұмыстар қарқынды жүргізілді.

Әлемнің әр түкпірінде танымалдыққа ие болған инженерлік жобалау, робот техникасы мен 3D үлгілеу, яғни STEM ғылымымен оқушыларымыз Нұр-Сұлтан қаласындағы №73 мектеп-лицейіне достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілген саяхатқа барғанында танысып, қызығушылық танытып, осы лицейдің үйірмесіне қатысып бастады. Жан дүниесіне қызығушылық қарқыны қонған, үйренуге жаны құмар оқушыларымыз сол күннен бастап 3D Үлгілеу 3D принтер жұмысымен 3D Үлгіні TinkerCAD бардарламасымен жасап үйрену жұмыстарын бастап кетті.

9 «В» сынып оқушысы Олжабай Жанболат: «№73 мектеп-лицейдің үйірме жетекшілерінен легоконструкторын құрастыру жолдары элементтерімен танысып, бағдарламалау тілін үйрендім. Осы қызығушылығымның арқасында биылғы оқу жылында жаңадан ашылған өзіміздің №8 мектеп-лицейдегі STEM зертханасына қатысып жүрмін, жетекшім М. Төлентайдың нұсқауымен көптеген датчиктерді Ардуиноға қосуды, ақылды үй элементтерімен танысып, өзімнің ойымдағы жобаларды жүзеге асыруды мақсат тұттым».

10 «Ә» сынып оқушысы Муканов Адилет: Мен мектеп директорының ұсынысымен Алматы қаласындағы «Бөбек» обсерваториясында бағдарламалау тілі бойынша



қашықтықтан курс оқыдым. Курстан өтіп болғаннан кейін биылғы оқу жылында мектебімізде STEM зертханасының ашылғанын естідім. STEM үйірмесінің жетекшісі Мақсат Төлентайұлына жолығып, өзімнің осы салаға деген қызығушылығымның бар екендігін айтып, үйірмеге қатыса бастадым. Осы жақында автоматты суқұйғыш жасап шығардым. Бұл жоба қазіргі кезде оқушыларды вирустық бактериядан сақтай алады, яғни су ағарға тікелей контакт жасамайды. Суқұйғышқа бөтелкесін жақындатқанда, бөтелкеге автоматты түрде су құйылады.

Жалпы STEM зертханасында жұмыс жасаған өзіме қызық, қатты ұнайды, көп нәрсе үйренетініме сенемін.

Мектеп – мемлекеттің берік іргетасын қалайтын негізгі орта.

Олай дейтініміз, ел тізгінін ұстайтын әрбір азамат ұстаз алдынан өтеді. Жаһанданған заманның адамдары көп уақытын бала тәрбиесіне емес жұмыста өткізетін біздің қоғамда мектептің рөлі, ұстаздың рөлі өте маңызды болып отыр. Осы жауапкершілікті ескере отырып, биылғы жаңа оқу жылында өз шәкірттерімізге сапалы білім беріп, оларды жаңа заманның озық дағдыларымен сусындату жолын мақсат тұттық.

Мектеп-лицейдің миссиясында көзделген «Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзгерістерге бейім, сауатты, ІТ құзіретті, адал ұрпақ тәрбиелеу» міндеттерін жүзеге асыру үшін мектепте ІТ компаниясы құрылып, қаламыздағы ІТ бағытта білім беретін жоғары оқу орындарымен, техникалық орталықтармен бірлескен жұмыстар іске асырылуда.

Бұл компанияның негізгі бағыттары:

- Сандық технология және бағдарламалау негіздері;
- Компьютерлік графика;
- Web-шебер;
- Видео-технология;
- Мобильді қосымшалар дайындау;
- Болашақ инженерлер;
- Робот техникасы, электроника және мехатроника бағыты қамтамасыз етіледі.



Бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығы дамиды, Scratch, Tynker, CodeCombat қарапайым ойын бағдарламалары арқылы бағдарлама жасауды үйренеді;

Орта буын оқушылары C++ Arduino бағдарламаларына қызығушылық танытқан жасөспірімдерге ыңғайлы.

C++ – бұл Unity ойын платформасын қолданатын жаңа бағдарламалау тілі. Бұл ойындарды бағдарламалауды қалайтындарға қызықты болады.

Жоғары сынып оқушыларына Python – бұл жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі, оның түсініктілігіне, қарапайым синтаксисіне және қолдану кеңдігіне байланысты балалардың білім алуына мүмкіндік береді.

Java – бұл бүкіл әлемде сұранысқа ие тіл, оның көмегімен көптеген қосымшалар жасалады.

Оқушыларды үйірмелермен қамтуда «STEAM зертханасы», «Шахмат ойыны», «Робот техникасы», «ІТ компания», «Ұлдар шеберханасы» кабинеттері ашылды. Қарқынды дамып жатқан әлем өзгерістерінің қыр-сырына қанық, «Білім қоғамын» қалыптастыра алатын жалынды жас мамандармен жұмыс ары қарай жандандырылды.

Қазіргі замандағы ақпараттық технология әрбір оқушының білім алу үрдісінде олардың шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді.

*Гульнур АЙТИМОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
№ 8 орта мектеп директоры*

АННОТАЦИЯ ○

В статье рассказывается о масштабных мероприятиях, проводимых с целью создания благоприятных условий для всестороннего развития способностей каждого учащегося с использованием новых информационных технологий, организации кружков, кабинетов, повышения эффективности и качества всех уровней учебно-воспитательного процесса.

